Бекітемін:
Түркістан облысы, Кентау қаласы
әкімдігінің «Құрылыс Кентау»
ЖШС-нің директоры
Б.Сланбаев
_____
05.01.2026 жыл

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру іс-шараларының жоспары

№	Түсіндіру шараларының тақырыбы	Уақыты
1	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы (*2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ);* Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі *(Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ);* Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексі *(2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ);*	2026 жыл I-тоқсан
2	Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы *(Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы);* Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі *(Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ);*	2026 жыл II-тоқсан
3	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі» *(2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабы);* «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже» *(ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агеттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығы);*	2026 жыл III-тоқсан
4	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары *(ҚР МҚІСҚА 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығы);*	2026 жыл IV-тоқсан

Кентау қалалық әкімдігінің «Құрылыс Кентау» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігінің кезектен тыс жиналысының

Хаттамсы №03

Кентау қаласы **7.қыркүйек.2026 жыл**

Жиналыс төрағасы: Сланбаев Бақытжан Абдугаппарович « Құрылыс Кентау» ЖШС-ның директоры

Басшы орынбасары: Шахапов Шерзад Мухаматаминович.
Комплаенс офицері: Умбетов Гани Тынысбекович
Хатшы: Якупова Сарвиназ Патчаханова.
Қатысқан қызметкерлер саны: 10
Қатысқандар: «Құрылыс Кентау» ЖШС мекемесінің ұжымы

Күн тәртібінде мәселе:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі» *(2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабы);*

«Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже»

(ҚР Сыбайлас жемқорлыққа іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығы);

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Құрылыс Кентау» ЖШС сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицері Г. Умбетов сөз сөйлеп, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының талаптарын сақтау және ұйым қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелеріне тоқталды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің ұйымдағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жүйесіндегі рөлі түсіндірілді.

Қызметкерлерге қызметтік міндеттерін орындау кезінде заңдылық, адалдық, ашықтық және объективтілік қағидаттарын сақтау, лауазымдық өкілеттіктерін

жеке немесе өзге де заңсыз мақсаттарда пайдалануға жол бермеу қажеттілігі түсіндірілді.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және олардың алдын алу, мүдделер қақтығысына жол бермеу, сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстардың маңыздылығы атап өтілді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша комплаенс офицері Г. Умбетов Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығымен бекітілген «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже» талаптарын түсіндірді.

Атап айтқанда, комплаенс қызметінің негізгі міндеттері мен функциялары, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау және олардың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру, қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері қаралды.

Қызметкерлерге мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда бұл туралы белгіленген тәртіппен хабарлау, сондай-ақ сыйлықтар мен өзге де материалдық игіліктерді қабылдауға қатысты заңнама және ұйымның ішкі құжаттары талаптарын сақтау қажеттігі ескертілді.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

«Құрылыс Кентау» ЖШС директоры Б. Сланбаев сөз сөйлеп, ұйым қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын қатаң сақтауға, қызметтік міндеттерін адал және жауапкершілікпен орындауға шақырды.

Б. Сланбаев ұйым қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, қызметкерлердің әдеп нормаларын сақтауы және ұйымның іскерлік беделін қорғау маңызды екенін атап өтті.

Іс-шара барысында қызметкерлер тарапынан қойылған сұрақтарға жауаптар берілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

«Құрылыс Кентау» ЖШС қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауына ерекше назар аударылсын.

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығымен бекітілген «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже» талаптары қызметкерлерге түсіндірілсін және күнделікті қызмет барысында басшылыққа алынсын.

Қызметкерлерге сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау, мүдделер қақтығысына жол бермеу және қызметтік өкілеттіктерді жеке мақсатта пайдаланбау қажеттігі ескертілсін.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицері Г. Умбетов тарапынан қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілсін.

Сыбайлас жемқорлық фактілері, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері немесе мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда комплаенс офицеріне белгіленген тәртіппен хабарлау қажеттігі қызметкерлерге жеткізілсін.

Осы хаттаманың орындалуын бақылау «Құрылыс Кентау» ЖШС директор орынбасары Ш. Шахаповқа жүктелсін.

Жиналыс соңында мәселелер жан-жақты талқыланды, мекеме қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауап берілді. Жиналыс төрағасы Б. Сланбаев жиналысты қорытындылады.

Жиналыс төрағасы: Б.А Сланбаев

Басшы орынбасары: Ш.М Шахапов

Комплаенс офицері: Г. Умбетов

Хатшы: С. Якупова